

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 24.09.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.09.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

ZHABAYEVA S.S.	The cognitive semantics of language: exploring lingua-cultural aspects and the specifics of metaphoric representation	7
ZHANZHIGITOV S.ZH.	Gender linguistics: analysis of scientific publications in Scopus	16
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Қазақстан топонимдерінің диахрониясы (Тәуелсіздік кезеңі)	30
ИМАНГАЗИНА М.А.	Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы	41
ИСКАКОВА К.А., ОСПАНОВА Ж.Т.	Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева)	53
KARTZHAN N.E., ISSAKOVA S.S., KENZHEMURATOVA S.K.	Linguistic representation of the concept of «mental activity» in the kazakh fairy-tale discourse	63
KERIMBAYEVA K.K., BEISENBAI A.B.	Language surrounding poverty in early modern england	80
SHORMAKOVA A., RAMAZANOV T., SADYK A.	Dialogic character in the national nonverbal means	88

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АКБУЛАТОВ А.А., МУТИЕВ З.Ж., ТУКЕШОВА Н.М.	Мақсұт Неталиев поэзиясындағы «заман, қоғам, уақыттың» көркем суреттері	98
AMANGAZYKYZY M.	The motif of the urban environment's influence on the individual	110
GILEA A., VOLKOVA L.V.	The category of the "other" in the axiology of contemporary literary fairy tales of kazakhstan	122
ЖҰМАТАЕВА А.Н., МҰХАМЕДИЕВ Д.	Абай поэзиясындағы «жаңа қазақ әйелі» болмысының көркемдік аксиологиясы	131
ҚАСҚАБАСОВ С.А., КАРИПБАЕВ Ж.Т.	Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер	142
ҚЫДЫР Т.Е., ТАДЖИЕВ Х.Х.	«Нәһж әл-фәрадис» және XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы	153

МАУЛЕТ А., ТОЙШАНҰЛЫ А.	Шетелдегі қазақтарда сақталған фольклорлық-музыкалық кейбір жанрлардағы ортақ ерекшеліктер	164
МИРАЗОВА М.Н.	Сакралды кеңістіктегі үңгірлер	177
TOLEGENOVA R.K., AMANGELDIYEVA G.A.	The etymology of family conflict in modern women's prose	185
ШОРМАКОВА С.М., БЕЙСЕНҰЛЫ Ж., АБДИМОМЫНОВ Е.Б.	Әдеби-герменевтикалық талдау – көркем шығармаларды зерттеудің тиімді әдісі	193

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BERDIKULOVA A., SHADIYEVA N., TEMUR N.	Test-type tasks used in the development of reading skills	202
ЕЛУБАЙ А.Б., ТЕМІРХАН Ж., АВАКОВА Р.А.	Мобильді қолданбалардың шетел тілін оқыту барысындағы нәтижесі және педагогикалық ескертпелері	212
НОСИЕВА Н.К.	Формирование кросс-культурной компетенции у изучающих казахский язык в качестве второго	221
УРАЗАЛИЕВА У., БЕКАЛАЕВА А.О., КАСЫМОВА Г.	Обучение через виртуальную реальность: результаты пилотного исследования английского языка	235

М.А. ИМАНГАЗИНА Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: meruyertimangazina@mail.ru)

АУДАРМАДАҒЫ КОММУНИКАНТ ЭМОЦИЯСЫ: ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Бейвербалды амалдар – коммуникацияның тілсіз, қосымша құралы. Көркем мәтінде (түпнұсқа және аударма мәтін) кейіпкердің ішкі сезімін, эмоциясын, оқиғаға қатысушылардың бір-біріне деген көзқарасын, коммуникативтік жағдаятты сипаттау мақсатында белсенді қолданылады. Аудармада қиындық тудыратын бейвербалды амалдардың негізгі тобы – эмоцияны бейнелеуші түр-түс атаулары. Мақалаға өзек болып отырған адам өңіндегі өзгерістер – коммуниканттың ішкі жай-күйін, физиологиялық ахуалының сыртқы көрінісін бейнелейтін, барлық халыққа ортақ, әмбебап құбылыс. Зерттеудің негізгі мақсаты «Абай жолы» романындағы эмоцияға байланысты түр-түс лексикасының антропо-когнитивті және нейробиологиялық уәжін көрсете отырып аудармадағы қиындықтардың себебін түсіндіру.

Аудармаларды салыстыра талдау барысында жиналған қазақ тіліндегі «көгеру», «сұрлану», «көкпеңбек боп кету», «бозару», «күп-қу болу», «қап-қара боп кету» сынды кейіпкердің ішкі күйін білдіретін түр-түс атауларының барлығы орыс тіліне бір ғана «бледный» лексемасы арқылы баламалануы секілді бірқатар фактіні саралай келе, автор аудармадағы қиындықтардың негізгі себебін әр халықтың эмоцияны танудағы интеллектуалды инстинкті әртүрлі болуына байланысты параэмотивті элементтерді тілде түрлі деңгейде репрезентайды деп түсіндіреді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін зерттеуде бейвербалды компоненттердің қазақ тіліндегі ерекшелігін көрсететін семантикалық талдау, аудармаларды салыстыру әдістері қолданылып, лингвомәдени аспектіде қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының адам эмоциясын танудың терең деңгейін меңгергені, сол себепті қазақ тілінде орыс тіліне қарағанда өң өзгерісін бейнелейтін параэмотивті сөздер қатары әлдеқайда көп екені, қазақ тіліндегі әр бейвербалды амалдың нейробиологиялық негізі бар екені, әр халықтың адам эмоциясын тану және оны тілде кодтау деңгейі әртүрлі болуы аудармаға да әсер ететіні дәлелденді.

Паралингвистикада көркем шығармалардағы бейвербалды амалдар, соның ішінде соматикалық бейвербалды амалдар жалпы қарастырылып жүргенімен, аударудағы қиындықтар және олардың себептеріне жете көңіл бөлінбеуі зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Сондай-ақ мақалада аудармаға қатысты «интеллектуалды инстинкт» термині алғаш рет қолданылып отыр.

Түйін сөздер: соматикалық бейвербалды амалдар, түр-түс атаулары, эмоция, аударма, «Абай жолы», нейробиология, паралингвистика.

Кіріспе. Адамның сыртқы келбетіне және дене тілінің ақпараттық қызметіне деген қызығушылық Ежелгі Грекияда пайда болып, физиогномика деген ғылымның негізі қаланған.

2300 жылдан астам уақыт бойы философтар мен ғалымдар адамның эмоцияны бет бұлшықеттерін жиыру және босаңсыту арқылы арқылы жеткізетінін айтып келді [1, 3582]. Қазіргі таңда да адамның бет-әлпеті арқылы эмоцияны тану өз өзектілігін жойған жоқ.

Бет-әлпеттегі өзгерістерді классификациялауда бірқатар зерттеушілер кинестетикалық сомативтер деген терминді қолданады [2, 177]. Қазіргі ғылыми айналымда эмоцияны бет бұлшықеті арқылы және бет бұлшықетінің қатысынсыз көрінетін эмоциялар деп бөлу кең тараған [3, 29]. Л.И. Петрова соматикалық бейвербалды амалдарды биологиялық түрде пайда болған және адамның әлеуметтенуі кезінде жүре қалыптасқан деп екіге бөледі. Зерттеушінің пікірінше, адам еркінен тыс, өздігінен орындалатын соматикалық тілге адамның бозаруы, қарашығының үлкеюі, ернінің қисаюы жатса, әлеуметтену барысында қалыптасқан ым-ишараларға әдейі, мақсатты түрде қолданылатын *scratch one's head* – желкесін қасу, *can't take one's eyes from/off* – көз алмау, *rub one's hands* – алақанын уқалау, *be dead on one's feet* – мұрттай ұшу т.б. жатады [4, 135].

Э. Бронтең «Грозовой перевал» туындысын талдай келе Ф. Пойатос шығармадан «тері реакцияларын» жеке алып қарастырады [5, 45]. Тілтанушы Г.Ш. Оразғалиева өз зерттеуінде адам өңіндегі өзгеріске немқұрайлық, уайым, үнсіздік, бозару, денсаулық, ұялуды жатқызған [3, 29-34]. Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров соматикалық тіл ретінде жест, мимика, дене қалыбы, бет-әлпеттегі өзгерістер, адамның ішкі күйін білдіретін түрлі симптомдар мен қимылдар секілді параэлементтерді санамалай келе, бет-әлпеттегі өзгерістерді мимикадан бөлек қарастырғанын байқауға болады [6, 158-159]. Ғалымдардың тері реакциясын, оң өзгерісін жеке семантикалық топ деп санауының өзіндік мәнісі бар. Себебі эмоцияға байланысты пайда болатын терідегі өзгерістер – коммуниканттың ішкі күйін бүкпесіз көрсететін ең негізгі сигнал.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясы және аталған шығарманың Л. Соболев жасаған орыс тіліндегі аудармасы алынды. «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетіндегі сөздік қоры ең бай шығарма болғандықтан, барынша көбірек түр-түс лексикасын қамтуға мүмкіндік береді. Ал аударма мәтін арқылы эмоцияны бейнелеуші қазақ және орыс тілдеріндегі түр-түс лексикасының сәйкесу деңгейі анықталып, екінші тілдегі көрінісі талданады.

Бейвербалды хабар (эмоция) – коммуникант туралы қосымша ақпарат берудің бір арнасы. Қазіргі ғылыми айналымда эмоцияны психология, медицина, физиогномика, педагогика, нейробиология, жасанды интеллект т.б. салалар жеке зерттеу концепциясы тұрғысынан қарастырады. Атап айтсақ, психолог мамандар мимика психологиясы өте ауқымды тақырып екеніне назар аударады [3, 28]. Сыртқы экспрессия элементтеріне жататын көзқарас, бет-әлпет өзгерісі, дене қалыбы, ым-ишара, күлкі т.б. коммуниканттан белгілі бір хабарды қабылдауды күрделендіретіндігін, бұлардың әрқайсысы тұлғаның ішкі эмоциясын, оның жынысын, әлеуметтік жағдайын, дүниетанымы секілді белгілі бір қасиеттерінің көрсеткіші болуы мүмкін екенін айтады [7, 46-47]. Нейробиологиялық зерттеулер ағзадағы эмоционалды реакциялар мимика, пантомимика, вокалды мимика түрінде сырттай көрініс табатынын дәлелдеп отыр [8, 425]. Әлеуметтанушылар гендерлік ерекшеліктер бейвербалды коммуникация кезіндегі мимикалық компоненттерден де байқалғанын қарастыра келе, мынандай мысал келтіреді: табиғи интуициясына және бала тәрбиесіндегі рөліне байланысты әйел адамдардың бет-әлпетінде көрініс табатын эмоциялардың ер адамдарға қарағанда экспрессивтілігі басым. Сондай-ақ әйел адамдар адамның сырт келбетіндегі кішкентай өзгерісін байқап қояды, яғни бейвербалды сигналдарды тану қабілеті жоғары [9, 164]. Лингвистикада «эмоция» дәстүрлі бағытта, яғни көркем шығармадағы эмоционалды-экспрессивті құралдар, эмоционалды лексика аясында зерттелді. Мақалада адам эмоциясын сипаттайтын колористикалық лексиканың антропокогнитивті негіздері назарға алынбақ. Зерттеуде адам өңі арқылы эмоцияны білдіруші лексиканы жинау барысында лингвистикалық сипаттау, сөздік мағыналарын талдау және коммуникативті-прагматикалық, когнитивті-лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ қазақ және орыс тіліндегі аудармалардың эквиваленттік деңгейі салыстыру әдісі негізінде қарастырылды.

Талқылау мен бақылау. Генетикалық тұрғыдан эмоциялар барлық халыққа, ұлтқа ортақ болғанымен, соматикалық кинемаларды сөз арқылы сипаттау, яғни вербалдануы

әртүрлі деңгейде. Кез келген айналадағы зат, құбылыс т.б. халықтың таным-түсінігі арқылы тілде көрініс табады. Адамның танымдық жұмысы әлемнің түр-түстік бейнесін қалыптастыруынан да көрінеді. Zh.A. Kokanova және A.S. Nabidullin колористикалық лексиканың кез келген халықтың тілдік санасында көрініс тапқан, ұлттық дүниетанымды білдіретін күрделі мәдени-тілдік құбылыс екеніне соңғы жылдардағы антропоцентристік парадигма шеңберінде тілдің когнитивті, мәдени және психологиялық аспектілерін зерттеу нәтижелері дәлел екенін айтады. Колористикалық лексиканы мәдени-лингвистикалық құбылыс ретінде тану ондағы «Тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа аспектілеріне тікелей байланысты екеніне ерекше назар аударады [10, 205]. Колористикалық лексиканың бір түрі – адамның бет-әлпетінде көрініс табатын және эмоциясын бейнелейтін түр-түстер.

Көркем мәтінде кейіпкер эмоциясы имплицитті және эксплицитті түрде көрініс табады. Имплицитті мәндегі тілдік бірліктерге эмоцияны атаушы сөздер (ашулану, ренжу, қуану, күлу, мұңаю т.б.) жатады, яғни имплицитті тілдік бірліктерден кейіпкердің сыртқы өзгерістерін анықтау мүмкін емес. Автордың мақсаты да экспрессиядан гөрі ақпарат беруге жақын. Ал эксплицитті компоненттер – керісінше эмоцияның сыртқы белгілерін сипаттап, сол арқылы оқырманның көз алдына кейіпкерді елестететіндей көркемдік қуатқа ие құрылымдар. Мысалы: қызару, қабағын түю, мұрнын шүйіру т.б. Адам өңіндегі мұндай өзгерістер «каузатор-референт-субреферент-рең (түс) – бақылаушы» төрттігіне негізделеді:

Каузатор: референттің немесе субреференттің түсінің өзгеруіне әсер ететін себепті мәтінде имплицитті немесе эксплицитті лексика арқылы білдіретін сөздер;

Референт: әртүрлі каузаторға байланысты өңі өзгертін субъект немесе кейіпкер;

Субреферент: ішкі, сыртқы факторларға байланысты түсі өзгертін дене мүшелері: көз, қол, бет, құлақ т.б.

Рең: эмоцияның әсерінен адамның жүзінде пайда болатын өзгеріс, түс.

Бақылаушы: белгілі бір себепке байланысты өңі өзгерген референттің өзгерісін байқайтын екінші бір субъект [11, 14].

«Абай жолы» романында эмоцияны сипаттауда субреферент қызметін атқаратын «бет» ұғымымен қатар оның алты түрлі синонимі қолданылады.

«Абай жолы» романындағы «бет» лексемасының синонимдері және аудармасы

«Бет» ұғымының синонимдері	Қазақ тіліндегі мысалы	Орыс тіліндегі аудармасы
Бет	Оспан екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоктай қадалып, сазарып тұрып алды [12, 16].	Лицо мальчика запылало, но он неподвижно застыл перед отцом, сверкая большими глазами [13, 43].
Түс	Түсі суық [12, 17].	От Кунанбая веет холодом [13, 44].
Жүз	Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да... [12, 36].	Божей круто повернулся и взглянул на него. Его лицо было мрачно и сурово [13, 63].
Ажар	Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті [12, 167].	Под этим решительным взглядом он сразу сдал и отвел глаз в сторону [13, 178].
Пішін	Майбасар бұл үйге ашулы пішінмен кірді [12, 197].	Майбасар вошел в юрту со злым лицом [13, 201].

Шырай	Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, оң шыраймен амандасты [12, 249].	Когда Абай подошел и отдал сәлем, аксакалы встретили его приветливо, без тени прежней суровости [13, 249].
Өң	Абайдың өңі ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді [12, 274].	Лицо его было бледно, глаза покраснели [13, 350].

Орыс тіліндегі аударма нұсқасында қазақ тіліндегі жеті лексемаға эквивалентті лексема саны – біреу:

- Бет – лицо;
- Түс – эквиваленті жоқ;
- Жүз – лицо;
- Ажар – взгляд (мәнмәтіндік балама, эквивалент емес);
- Пішін – лицо;
- Шырай – эквиваленті жоқ;
- Өң – лицо.

Бір ғана бет ұғымына қатысты жеті түрлі сөздің болуы, қазақ халқының эмоцияны вербалдауда әр детальға аса мән беретінін көрсетеді. Өң, түс, шырай сынды синонимдерінің колор (түс) ұғымымен мәндес келуі ерекше назар аудартады. Аудармашы аталған жеті лексеманы бірді-екілі тіркес түрінде аударса, мәнмәтіндердің басым бөлігінде мүлдем түсіріп отырған. Мысалы «оң шыраймен» дегенді аударуда «приветливо» деген мағыналас, алайда толық балама бола алмайтын сөзді қолданады.

Нәтижелер. Ақпарат жеткізу, сигнал беру тұрғысынан адамның беті біріншілік, басқа соматизмдер (қол, аяқ, дене т.б.) көбінесе екіншілік қызмет атқарады. Яғни, адамның бет-әлпеті – ол ең басты коммуникация құралы, ол үнемі өзгеріп, құбылып тұрады [3, 28]. Осы ерекшелікті байқаған Огайо университетінің ғалымдары бақыт, қайғы, ашу, жиіркеніш, таңдану, қорқыныш, қуана отырып таңдану, қуана отырып жиіркену, қайғы аралас қорқыныш, қайғы аралас ашу, қайғыра отырып таңдану, қайғыра отырып жиіркену, қорқыныш араласқан ашу, қорқыныш араласқан жиіркеніш, ашулана отырып таңдану, ашулана отырып жиіркену, жиіркену әрі таңдану сынды 18 түрлі эмоцияны көрсететін 184 сурет арқылы әр эмоцияға тән адам өңінің түстерін анықтаған. Анықталған түстерді нейтралды, яғни ешқандай эмоциясыз адамның суретіне қойып, эксперимент қатысушыларына ұсынған. Нәтижесінде Огайо университетінің ғалымдары орталық жүйке жүйесінің жұмысы беттегі қан айналымына әсер ететінін, осы қан айналымындағы өзгерістер арқылы әрбір эмоцияға тән валентті түстердің (адам жүзіндегі эмоцияны білдіретін сигнал-түстер) пайда болатынын анықтап, адамның өңіндегі өзгерістер арқылы (қызару, бозару т.б.) бет бұлшықетінің қатысынсыз да эмоциялардың толық сыртқа шығатынын және оны басқа адамдар бірден таниғынын дәлелдеген [14].

Валентті түстер – эмоцияны адам жүзінде бейнелейтін өң өзгерісі. Мысалы ағылшын тілді авторлар шығармада көркемдік бейнені сипаттау кезінде red (қызыл), pink (қызғылт), crimson (қып-қызыл), blue (көк), green (жасыл), pale (бозғылт), white (ақ), yellow (сары) т.б. сынды түс палитрасын қолданады [11, 15]. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясында адамның түсі өзгеруіне қатысты мынандай қолданыстар кездеседі: қызару, сұп-сұр болу, сұрлану, құп-қу, көкпеңбек болу, сұрланып ақшыл тарту, қып-қызыл болу, қызғылт тарту, қып-қызыл боп кету, қап-қара боп кету, сұрланып алу, қатты қызару, ақшыл тартып сұрлану, қызара түсу, құп-қу болу, боп-боз болу, қуаң тарту. Байқағанымыздай, романда эмоцияны бейнелеу үшін автор қызыл, сұр, ақ, көк, қара секілді бес валентті түсті және олардың реңктерін пайдаланған:

- Қызыл түске негізделген эмоциялар: қызару, қып-қызыл болу, қызғылт тарту, қып-қызыл боп кету, қатты қызару, қызара түсу;
- Сұр түске негізделген эмоциялар: сұп-сұр болу, сұрлану, ақшыл тартып сұрлану, сұрланып ақшыл тарту, боп-боз болу

- Ақ түске негізделген эмоциялар: құп-қу, құп-қу болу, қуаң тарту;
- Көк түске негізделген эмоциялар: көгеру, көкпеңбек болу;
- Қара түске негізделген эмоциялар: қап-қара боп кету.

Тері реакциялары арқылы кейіпкер эмоциясын бейнелеу – әлем әдебиетінде кең тараған тәсіл. Романда каузатордың, яғни эмоцияның жағымды және жағымсыз семантикасына байланысты, әр эмоцияға сәйкес түс атаулары қолданылған. Түстердің ашық және қоюлығына қарай эмоциялар да күрделеніп отырады. Ашық түстер арқылы қазақ халқы ішкі күйді жеткізсе, қою түстер арқылы күшті эмоцияларды сипаттаған. Мысалы: сұрланып ақшыл тарту, қызғылт тарту, құп-қу болу, боп-боз болу, қуаң тарту, сазару тіркестері кейіпкердің ішкі жан дүниесіне қатты әсер еткен себепке байланысты туындайды. Ал қою түстер, мысалы, көкпеңбек болу, қып-қызыл болу, қап-қара боп кету, қатты қызару деген құрылымдар арқылы эмоцияның күштілігі бейнеленген.

Қызыл түс арқылы эмоцияны бейнелеу. Шығармада эмоцияны бейнелеуде қызыл түстің екі түрлі реңкі қолданылады: қып-қызыл және қызғылт. Ал аударма нұсқада қызыл түске қатысты бір ғана покраснеть етістігі кездеседі. Адам жүзіндегі түстің қою әрі ашықтығы, біріншіден, эмоцияның деңгейін білдірсе, екіншіден, сол эмоцияға сай нейробиологиялық процестің көрсеткіші. Қызару және қызғылт тарту – адам жүзінде әлсін-әлсін пайда болатын өзгеріс. Аудармашы бұл екі қолданысты орыс тіліндегі мағынасы толық сәйкес келетін «покраснев» деген сөзбен аударған. Орыс тілінде сәйкес баламаның болмауынан қып-қызыл боп кету лексемасы ешбір мәнмәтінде аударылмаған.

Қызыл түс арқылы сипатталатын эмоциялар және аудармасы

Ұялу, қысылу мәні	
Ол қысылып қызарғанмен қашып та құтыла алатын емес [12, 10].	Мальчик даже покраснел от смущения, не зная, как быть: то ли сердиться, то ли радостно отвечать на ласку? [13, 38].
Қатты күлу мәні	
Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, ырза болды білем, қып-қызыл боп, қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды [12, 138].	Жена Манаса, разливавшая чай, даже причмокнула языком от удовольствия и засмеялась, бросив восхищенный взгляд на Абая [13, 155].
Ашулану мәні	
Абай қып-қызыл боп кетіп, шұғыл ойланып отырып қалды [12, 114].	Абаи вспыхнул [13, 160].

Орыс халқының таным-түсінігінде қызыл түс арқылы адамның «ұялу», қысылу» эмоцияларын білдіреді, ашуға қатысты қолданылмайтыны аңғарылады. Қазақ халқы қызыл түске байланысты үш түрлі эмоцияны бейнелейді:

- Қызару, қызғылт тарту – ұялу, қысылу;
- Қып-қызыл болу 1. – қатты рахаттана күлу;
- Қып-қызыл болу 2. – ашулану

Екі халықтың лексикасындағы бұл ерекшеліктің негізгі себебін Вильгельм фон Гумбольдтың «Тіл – интеллектуалды инстинкт» теориясы арқылы түсіндіруге болады. Ғалым әр халықтың атау беруде өзіне тән интеллектуалды инстинктіне сүйенетін айтады және оны былайша түсіндіреді: «разные языки—это не различные обозначения одного и того же предмета, а разные видения (Ansichten) его ... Путем многообразия языков непосредственно обогащается наше знание о мире и то, что нами познается в этом мире; одновременно расширяется для нас и диапазон человеческого существования» [15, 9]. Гумбольдт тілді ұлтты ұлт етуші бірінші белгі деп есептей келе, «ұлт» деген ұғымның түбінде ұлттық ойлау, қабылдау, бейнелеу ерекшелігі жатқанын атап өтеді. Сол себепті

әр халық бір ұғымды тілінде түрліше вербалдайды, яғни әр халықтың интеллектуалды инстинкті әртүрлі. Ол бірдей болуы мүмкін емес, алайда ұқсас болуы мүмкін. Мысалы колористикалық лексика тұрғысынан қазақ тіліне ағылшын тілдік бірліктері жақынырақ екенін қызыл түстің мысалынан байқауға болады:

- to get/have a red face — ұялғаннан қызарып кету;
- to give some one a red face — біреуді ұялтып, қызартып жіберу;
- red in the face — қызарып кеткен, ұялған;
- to blush/gored — ұялғаннан қып-қызыл болу;
- to be come red in face — ұялғаннан, ашуланғаннан қып-қызыл болу [16, 204].

Сұр эмоцияны бейнелеуші лексемасы. Шығармада автор кейіпкер эмоциясының көрсеткіші ретінде сұр түсті жиі қолданған. Сұр түске тән эмоциялық бояу – жағымсыз эмоциялар. Сұр бұлттай сұрлану, долы әйелше сұрлану [17, 480] деген теңеулерден де жағымсыз реңкті байқауға болады. Сөздік мағынасына назар аударсақ: Сұрлану (бозару, көгеру, құқылдану). Адамның, көңіл-күйіне байланысты түсі бұзылып, өңінің қашып, солғын тартуы [18, 320].

Орыс халқы үшін де «сұр»-дың символдық мәні жағымсыз семантиканы білдіреді: (серая жизнь, серые будни, серая масса, серый человек, серая публика, серые люди, серый народ [16, 207]. Дегенмен «Абай жолы» романындағы эмоцияны білдіретін сұр түстің аудармада толық эквиваленті жоқ. Аудармашы мәнмәтіндерде сұр түс білдіріп тұрған эмоцияны лакуна ретінде қалдырғанын төмендегі мысалдан көре аламыз.

Оның ажарын сүймей, мойнын сырт қайырып, сұрланып отырған Дәркембай Бөжейдің күлкісін сезіп қап... [12, 72].	Даркембай горячо сказал... [13, 98].
--	--------------------------------------

Бір ғана сұрланудың өзі қазақ танымында екі түрлі эмоцияны білдіреді. Біріншісі – ыза, екіншісі – өмірден түңілу, қайғыру. Сұрлану кезіндегі ыза «ашудан» бөлек. Ашу – ашық формадағы эмоция болса, ыза – жасырын түрдегі эмоция. Сол себепті ашуланған кезде адамның өңіндегі өзгеріс анық байқалады да, ыза кезінде, керісінше, адам өңі қашып кетеді. Екі эмоцияға тән нейробиологиялық ерекшелік – беттегі қан ағымының қалыпты күйінің бұзылуы: ашу кезінде қан ағымы жылдам, белсенді болса; ыза кезінде қан ағымы өте баяу, қалыпты деңгейден төмен болады. Қан айналымындағы екі түрлі қарқын адам өңіне де екі түрлі өзгеріс енгізеді.

Ашу сияқты күшті эмоциялар бет терісінің астына көбірек оттегінің түсуін ынталаңдырып, оған қызыл реңк беретіні анықталған. Сонымен қатар, оттегінің аз концентрациясынан туындаған басқа эмоциялар теріні бозғылт немесе ақшыл ететінін де ғалымдар дәлелдеген [14, 12]. Нақтырақ айтқанда, ашу және ыза бір-біріне өте жақын эмоциялар болғанымен, олардың екі түрлі эмоция екенін қазақ халқы интеллектуалды инстинкті арқылы дәл анықтаған. Сол себепті ішкі күйдегі өзгерістің көрінісі саналатын сыртқы өзгерісті де тілде дұрыс бейнелеп отырған.

«Абай жолы» романындағы «сұр» лексемасы және аудармасы

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да... [12, 36].	Божей круто повернулся и взглянул на него. Его лицо было мрачно и сурово... [13, 63].
Құнанбай қатты сұрланып алып, түрлі тұрған есіктен алыстағы көк адырға қадалып отырып... [12, 173].	Кунанбай сидел бледный и сосредоточенно смотрел сквозь открытую дверь на холм, зеленевший вдаль... [13, 183].

Түсі сұрланып, екі танауы желбірей түсіп, тентек көздері жиреніп отын шашып отыр [12, 197].	В мрачном его взгляде горели ненависть и презрение [13, 201].
Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді [12, 134].	После того как у нее отняли Камшат, она стала задумчивой, побледнела, поблекла; на прекрасное лицо ее легла тень глубокой печали [13, 152].

Аудармашы қолданған «поблденел» лексемасы қазақ тіліндегі сұрланудың екінші бір семантикасына мәндес. Ол – қатты қайғыру, өмірден түңілу мәні. Қызы Кәмшаттан айырылған Айғыздың жүзінің сұрланып ақшыл тартқанын, сол арқылы ішкі эмоциясын аудармашы орыс тіліне сәтті аударып «побледнела, поблекла» деп баламалаған. Шын мәнінде орыс тіліндегі поблденеть, поблекать лексемалары да адамның ішкі күйзелісін көрсетеді. Алайда күйзеліс тым қатты болғанда адамның өңінде қан-сөл қалмайды. Мұндай кезде «сұрланудың» орнына «құп-қу» колористикалық лексемасы қолданылады. Эмоцияның күші грамматикалық жақтан күшейтпелі буын арқылы көрсетілсе, лексикалық жақтан «қу» түсіне негізделген. «Қу» - сұрға қарағанда әлдеқайда ашық, өңсіз түс. Биологиялық тұрғыдан адамның бетіндегі қан айналымының мүлдем тоқтағанын білдіреді. Шығармада «бледен» лексемасы сұр, боз, қу, көк, қара түске қатысты балама ретінде ұсынылған.

«Абай жолы» романындағы эмоцияны бейнелеуші түр-түс атаулары және аудармасы

Негізгі лексема	Түбірі (түс атауы)	Аударма нұсқа	Түбірі (түс атауы)
Сұрлану	Сұр	Поблденеть	Бледный
Түсі құп-қу	Қу	Смертельно бледен	Бледный
Бозарып	Боз	Поблденело	Бледный
Көкпеңбек боп	Көк	Поблденев как смерть	Бледный
Қап-қара болу	Қара	Страшно поблденеть	Бледный

Орыс тілінде бес түрлі эмоцияны бейнелеуде бір ғана сөз қолданылса, қазақ тілінде бес түрлі лексема қолданылған, яғни қазақ халқы адам реңіндегі өзгерістерді тілде дәлірек белгілейтінін байқауға болады.

Көк түс романда екі түрлі эмоцияны бейнелейді. Алғашқысы ашу болса, екіншісі – қатты жылағаннан адам жүзінің көгеріп кетуі.

«Абай жолы» романындағы «көкпеңбек болу» лексемасы және аудармасы

Басында шыр етіп шыңғырса, енді шегі қатып көкпеңбек боп, долдана жылайды [12, 155].	Сперва она плакала громко, навзрыд, взвизгивая, а потом вся посинела, захлебываясь в плаче [13, 168].
--	---

Мысалда кішкентай қараусыз Кәмшаттың зәбір көріп, қатты жылағаны бейнеленген. Көгеруге себеп болған жылау эмоциясы ғана емес, ең бірінші кезекте қатты қорқыныш және ашу. Бірінші сөйлемде айтылғандай Кәмшат «отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуданып булыға жылады». Көкпеңбек болу – жағымсыз эмоцияның шырқау шыңы. Адам жүзіндегі эмоция мен өңінің өзгерісі арасындағы байланысты арнайы бақылаған зерттеушілер К. Nakajima, Т. Minami және S. Nakauchi мынандай қорытындыға келген: «2-экспериментте біз бет әлпеті мен мимика арасындағы байланысқа негізделген үш мимика шарттарын анықтадық: қызыл (ашу, бақыт), көкшіл (қорқыныш, қайғы) және бейтарап» [19, 2]. Яғни көгерудің негізгі каузаторлары – қорқыныш және қайғы-мұңнан туындаған ауыр эмоцияның сыртқа бір демде атылып шығуы. Берілген мәнмәтіндегі

«көкпеңбек боп» сөзін аударуда аудармашы сөзбе-сөз аудару әдісін пайдаланып, «посинела» лексемасын қолданған.

«Абай жолы» романындағы «қап-қара болу» лексемасы және аудармасы

Құнанбай демігіп тыныс алып, қап-қара боп кетті [12, 169].	Кунанбай слушал ответ Божея, опутив глаза. Лицо его страшно побледнело, он часто дышал [13, 180].
--	---

Қара – басқа тілдерде кездесе беремейтін эмоцияны бейнелеуші түстің бірі. Қазақта «қап-қара боп түтігіп кетті» деп те қолданады. Түтігу, адам жүзінің қап-қара болып кетуі биологиялық тұрғыдан ауа жетпегеннен болады. Ауа жетпеуінің негізгі себебі адамның жүрегінің қысылуы болса, оған адамның психологиялық күйі, яғни ашуы қосылған кезде өңі қараяды. Шығарма мәтінінде де автор Құнанбайдың демігіп тыныс алып қиналғанын алдымен атап, артынша өңінің қап-қара боп кеткенін, яғни себебі мен салдарын көрсеткен. Алайда аудармадағы страшно побледнел және часто дышал деген қолданыстар кейіпкердің психологиялық, физиологиялық күйін бейнелеуде түпнұсқаға сәйкес келеді дей алмаймыз. Бұл аудармашының қателігі емес, керісінше, қазақ және орыс халқының эмоцияны танудағы және оны тілде бейнелеудегі екі түрлі көзқарасын, яғни интеллектуалды инстинктінің әртүрлі екенін білдіреді. Эмоция мен тіл арасындағы байланысты тереңінен қарастырған шетелдік зерттеушілер тілдердегі мұндай ерекшелік туралы өз ойларын былайша тұжырымдайды: кейбір тілдердің сөздік қоры басқа тілдердің сөздік қорына қарағанда эмоционалды ұғымдарды білдіруге жақсы бейімделген болуы мүмкін [20, 204]. Тілдегі адам өңін бейнелейтін түстердің атауы көп болған сайын, әр эмоцияға тән дәл реңк анықталғанын білдіреді. Себебі адам реңінің өзгеруіне әсер ететін каузатор-эмоциялардың саны аз емес. Е.В. Родионова өзінің кандидаттық диссертациясында 9 түрлі эмоционалды каузаторды атап өтеді. Олар: ашу, қорқыныш, толқу, қуаныш, қайғыру, қысылу, махаббат, ұялу, реніш [11,6].

Адамның бет-әлпеті – оның дүниетанымы мен әлемді қабылдауының барынша дәл проекциясы. Сол себепті адамның жүзіндегі өзгерістерді жіті бақылау арқылы адамның ойын оқу, ішкі сезімдерін тану, тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлығын анықтау көптеген психологтар мен педагогтердің, өнер қайраткерлерінің арманы, беттегі әрбір бұлшықет, қан айналымы, ішкі және сыртқы секрециялары арқылы адам ойының, сезімдерінің барлық гаммалары көрініс табады.

Қорытынды. Зерттеуге негіз болған мәселе – «Абай жолы» романындағы адам өңін сипаттаушы колористикалық лексиканы орыс тіліне баламалаудағы қиындықтар. Аудармаларды салыстырмалы талдау барысында анықталған маңызды дерек: шығармада кездесетін эмоцияны бейнелеуші қызыл, қызғылт, қып-қызыл, сұр, боз, көк, көкпеңбек, қу, құп-қу, қап-қара сынды негізгі түстер және олардың реңктері аударма мәтінде красный, бледный және синий сынды үш түс арқылы аударылған. Нәтижесінде эмоциялардың мазмұны, бояуы өзгерген. Баламалаудағы мұндай сәйкессіздік аударма теориясында жиі айтылатын тілдер типологиясының әртүрлі болуына немесе аударылмайтын лексикаға қатысты емес. Себебі адам эмоциясын бейнелейтін түр-түс атаулары – мәдениетпен шектелмейтін, адамзатқа ортақ биологиялық процестің тілдегі көрінісі. Бұлайша барлық ұлтқа тән әмбебап ұғым-түсініктердің, құбылыстардың тілдерде түрліше вербалдануы – тілдердің атау берудегі ерекшеліктері. Ғалым Вильгельм фон Гумбольдт «Тіл – интеллектуалды инстинкт» деген тұжырымында әр халық әлемді өзінің интеллектуалды инстинкті негізінде тілінде бейнелейтінін айтады. Біздің зерттеуімізде аталған тұжырым аударма теориясы тұрғысынан қарастырылды. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының көптігі нейробиологиялық тұрғыдан адам өңінде пайда болатын түстердің көптігіне байланысты екені шетелдік ғалымдардың эксперименталды зерттеулеріне сүйене отырып дәлелденді. Нәтижесінде антропоэлекті парадигма басым бағыт саналатын заманауи

лингвистикада көркем аударманы зерттеудің мақсаты аударма сапасын анықтаумен шектелмей, аудармадағы қиындықтардың себептерін ұлтаралық ерекшеліктер және салааралық зерттеулер арқылы түсіндірудің артықшылығы көрсетілді.

Әдебиеттер

1. Benitez-Quiroz C. F., Srinivasan R., Martinez A. M. Facial color is an efficient mechanism to visually transmit emotion // *Proceedings of the National Academy of Sciences*. – 2018. – Vol. 115. – no. 14. – pp. 3581-3586.
2. Боровикова К.В., Третьякова М.Ф. Прагматический аспект перевода невербальных коммуникативных средств в художественном тексте // *Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского*. – 2019. – №2. – С. 176–181.
3. Оразгалиева Г.Ш. Некоторые эмоции, отраженные в русских фразеологизмах и их английских соответствиях // *Наука, образование и культура*. – 2020. – №4 (48). – С. 28-35.
4. Петрова Л.И. Человеческое тело и эмоции в контексте лингвокультурологии // *Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки*. – 2007. – №1. – С. 133-144.
5. Poyatos F. *Textual Translation and Live Translation: The Total Experience of Nonverbal Communication in Literature, Theatre and Cinema*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2008. – 365 p.
6. Верецагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Русский язык, 1990. – 234 с.
7. Артемцева Н.Г., Ильясов И.И., Нагибина Н.Л. Портрет: Восприятие человека человеком и искусство передачи мировоззренческой сути художественными средствами // *Вестник Московского университета. Серия 14. Психология*. – 2022. – №4. – С. 39–59. <https://doi.org/10.11621/vsp.2022.04.02>
8. Жоламанова Е.И. Способы передачи эмотивности в русском языке // *Лингвокультура и концептуальное пространство языка: сборник статей*. – 2016. – Вып.10. – С. 424-429.
9. Нуржанова З.М. Невербальные средства общения: гендерный аспект. – Алматы, 2005. – 164 с.
10. Kokanova Zh.A., Nabidullin A.S. Cognitive Nature Of Colorative Vocabulary As A Cultural And Linguistic Phenomenon (Comparative Analysis In Kazakh And English Languages // *ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы*. – 2023. – Vol.4 (192). – pp. 204-213. <https://philart.kaznu.kz> <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph19>
11. Родионова Е.В. Языковая актуализация динамики цветообозначения в антропо-когнитивном аспекте (на материале английского языка): филол. канд. автореферат. – Санкт-Петербург: 2007 – 177 с.
12. Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 377 б.
13. Ауэзов М. Путь Абая. Роман, т. I. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 608 с.
14. Alkawaz M.H., Mohamad D., Saba T. The Correlation Between Blood Oxygenation Effects and Human Emotion Towards Facial Skin Colour of Virtual Human // *3D Research Center*. – 2015. – Vol.6 (13). – pp. 1-17. <https://doi.org/10.1007/s13319-015-0044-9>
15. Гумбольдт В. фон Г. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем. / Общ. ред. Г.В. Рамишвили; Послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.
16. Оразгалиева Г.Ш. Культурная коннотация цветообозначений у разных народов // *Вестник Карагандинского университета Серия «Филология»*. – 2012. – №4 (68). – С. 202-209.
17. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.
18. Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 720 б.
19. Nakajima K., Minami T., Nakauchi S. Interaction between facial expression and color // *Sci Rep* 7. – 2017. – Vol.41. – pp. 2-9.
20. Elfenbein H., Ambady N. On the Universality and Cultural Specificity of Emotion Recognition: A Meta-Analysis // *Psychological Bulletin*. – 2002. – Vol. 128(2). – pp. 203-235. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.128.2.203>

М.А. ИМАНГАЗИНА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ПЕРЕВОД ЭМОТИВНОГО СОСТОЯНИЯ КОММУНИКАНТА: ФУНКЦИЯ И СЕМАНТИКА ЦВЕТООБОЗНАЧАЮЩИХ ЕДИНИЦ

Аннотация. Невербальные элементы являются дополнительными, неязыковыми средствами общения. В художественном тексте (оригинальном и переводном) он активно используется для описания внутренних переживаний, эмоций персонажа, отношения участников события друг к другу, коммуникативной ситуации. Основной группой невербальных средств, вызывающих трудности при переводе, являются названия цветообозначения, изображающих эмоции. Изменения в цвете кожи человека, которым посвящена статья, являются универсальными явлениями, свойственные всем людям, отражающие внутреннее состояние коммуниканта, внешний вид его физиологического состояния. Основная цель исследования – объяснить причину трудностей перевода, показав антропокогнитивную и нейробиологическую мотивацию цветовой лексики обозначающей эмоцию в романе «Абай жолы».

В ходе сравнительного анализа переводов было выявлено, что названия цветов в казахском языке, представляющие внутреннее состояние персонажа, такие как «көгеру», «сұрлану», «көкпенбек боп кету», «бозару», «күп-кү болу», «қап-қара боп кету», были эквивалентны только одной лексеме «бледный» в русском языке, выделяя такие языковые факты, автор поясняет первопричину затруднений в переводе тем, что у каждого народа свой интеллектуальный инстинкт в распознавании эмоций, который отражает параэмоциональные элементы в языке на разных уровнях. Для подтверждения этого мнения в исследовании использовались методы семантического анализа, сравнения переводов, отражающие специфику невербальных компонентов в казахском языке, и рассматривались в лингвокультурном аспекте.

В результате исследования было доказано, что казахский народ обладает глубоким уровнем распознавания человеческих эмоций, поэтому в казахском языке гораздо больше параэмоциональных слов, отражающих изменение тона лица, чем в русском, каждый невербальный элемент в казахском языке имеет нейробиологическую основу, что каждый народ имеет разный уровень распознавания человеческих эмоций и передачи их на языке, что также влияет на перевод.

Хотя в паралингвистике широко рассматриваются невербальные средства в художественных произведениях, в том числе соматические невербальные структуры, трудности с их переводом и недостаточное внимание к причинам проблем с переводом подчеркивают актуальность исследования. В статье также впервые используется термин «интеллектуальный инстинкт» применительно к переводу.

Ключевые слова: соматические невербальные средства, цветоназвания, эмоции, перевод, «Путь Абая», нейробиология, паралингвистика.

М.А. IMANGAZINA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE EMOTION OF A COMMUNICANT IN TRANSLATION: THE FUNCTION AND SEMANTICS OF COLOR NAMES

Annotation. Nonverbal elements are additional, non-linguistic means of communication. In literary texts (original and translated) it is actively used to describe the internal experiences, emotions of the character, the attitude of the participants in the story towards each other, and the communicative situation. The main group of non-verbal means that cause difficulties in translation are the names of color terms that depict emotions. Changes in human skin color, which the article is devoted to, are universal phenomena, characteristic of all people, reflecting the internal state of the communicant, the appearance of his physiological state. The main goal of the study is to explain the

cause of translation difficulties by showing the anthropocognitive and neurobiological motivation of color vocabulary denoting emotion in the novel "Abai Zholy".

During the comparative analysis of translations, it was revealed that the names of colors in the Kazakh language representing the inner state of the character, such as «kogeru» (to get blue), «surlanu» (to get grey), «kokpenbek bop kety» (to get dark blue), «bozaru» (to get pale), «qap-qu bolu» (to get white), «qap-qara bop ketu» (to get black) were equivalent to only one lexeme «pale» in Russian, highlighting such linguistic facts, the author explains the root cause of difficulties in translation by the fact that each nation has its own intellectual instinct in recognizing emotions, which reflects paraemotional elements in the language at different levels.

The physiological motivation and psychological causators of the names of colors, which describe the change in emotion in the author's narrative in the novel "Abai Zholy," are explained on the basis of the experimental method, that is, on the basis of the results of neurobiological analysis conducted by foreign researchers.

As a result of the study, it was proven that the Kazakh people have a deep level of recognition of human emotions, therefore in the Kazakh language there are many more para-emotional words reflecting changes in facial tone than in Russian, each non-verbal element in the Kazakh language has a neurobiological basis, each people has a different level recognizing human emotions and conveying them in language, which also affects translation.

Although non-verbal means in works of fiction, including somatic non-verbal structures, are widely considered in paralinguistics, difficulties with their translation and insufficient attention to the causes of translation problems emphasize the relevance of the study. The article also uses the term «intellectual instinct» for the first time in relation to translation.

Keywords: somatic nonverbal means, color names, emotions, translation, «Abai Zholy», neurobiology, paralinguistics.

References:

1. Benitez-Quiroz C. F., Srinivasan R., Martinez A. M. Facial color is an efficient mechanism to visually transmit emotion // Proceedings of the National Academy of Sciences. – Vol. 115. no. 14. – 2018. – pp. 3581-3586.
2. Borovikova K.V., Tretiakova M.F. Pragmaticheskij aspekt perevoda neverbal'nyh kommunikativnyh sredstv v hudozhestvennom tekste // Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo. – No. 2. – 2019. – S. 176-181.
3. Orazgalieva G.Sh. Nekotorye jemocii, otrazhennye v russkih frazeologizmah i ih anglijskih sootvetstvijah // Nauka, obrazovanie i kul'tura. – No. 4 (48). – 2020. – S. 28-35.
4. Petrova L.I. Chelovecheskoe telo i jemocii v kontekste lingvokul'turologii // Vestnik Pskovskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Social'no-gumanitarnye nauki. – No. 1. – 2007. – S. 133-144.
5. Poyatos F. Textual Translation and Live Translation: The Total Experience of Nonverbal Communication in Literature, Theatre and Cinema. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2008. – 365 p.
6. Vereshhagin E.M., Kostomarov V.G. Jazyk i kul'tura. Lingvostranovedenie v prepodavanii russkogo jazyka kak inostrannogo. – M.: Russki jazyk, 1990. – 234 s.
7. Artyomsteva N.G., Ilyasov I.I., Nagibina N.L. Portrait: the Perception of a Person by a Person and the Art of Transmitting the Ideological Essence by Artistic Means // Vestnik Moskovskogo Universiteta. Seriya 14. Psikhologiya. – No. 4. – 2022. – pp. 39-59.
8. Zholamanova E.I. Sposoby peredachi jemotivnosti v russkom // Lingvokul'tura i konceptual'noe prostranstvo jazyka: sbornik statej. – Vyp. 10. – 2016. – S. 424-429.
9. Nurzhanova Z.M. Neverbal'nye sredstva obshhenija: gendernyj aspekt. – Almaty, 2005. – 164 s.
10. Kokanova Zh.A., Nabidullin A.S. Cognitive Nature Of Colorative Vocabulary As A Cultural And Linguistic Phenomenon (Comparative Analysis In Kazakh And English Languages) QazUU Habarşysy. Filologiya serijasy. – №4 (192). – 2023. – P. 204-213.
11. Rodionova E.V. Jazykovaja aktualizacija dinamiki cvetooboznachenija v antropo-kognitivnom aspekte (na materiale anglijskogo jazyka): filol. kand. avtoreferat. – St. Petersburg, 2007. – 177 s.
12. Auezov M. Abai joly. I tom. – Almaty: «Jazuşy», 1989. – 377 b.
13. Auezov M. Put Abaia. Roman, t.I. – Almaty: 1977. – 608 s.

14. Alkawaz M.H., Mohamad D., Saba T. The Correlation Between Blood Oxygenation Effects and Human Emotion Towards Facial Skin Colour of Virtual Human // 3D Research Center. - №6 (13). – 2015. – pp. 1-17.
15. Gumbol'dt V. fon G. Izbrannye trudy po jazykoznaniju: Per. s nem. / Obshh. red. G.V. Ramishvili; Poslesl. A.V. Gulygi i V.A. Zveginceva. – Moscow, 2000. – 400 s.
16. Orazgalieva G.Sh. Kul'turnaja konnotacija cvetooboznachenij u raznyh narodov // Vestnik Karagandinskogo universiteta Serija «Filologija». – No. 4 (68). – 2012. – S. 202-209.
17. Qoñyrov T. Tūraqty teñeuler sözdıgi. – Almaty: Arys, 2007. – 480 b.
18. Bizaqov S., Bolğanbaev Ä., Däuletqılov Ş. Qazaq tılıñ sinonimder sözdıgi. – Almaty: «Arys» baspasy, 2005. – 720 b.
19. Nakajima K., Minami T., Nakauchi S. Interaction between facial expression and color // Sci Rep 7. – Vol.41. - 2017. – pp. 2-9.
20. Elfenbein H., Ambady N. On the Universality and Cultural Specificity of Emotion Recognition: A Meta-Analysis // Psychological Bulletin. – 128(2). – 2002. – P. 203-235.

Автор туралы мәлімет:

Имангазина Меруерт Ануаровна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Имангазина Меруерт Ануаровна – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Imangazina Meruert Anuarovna – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.